

«Бекітілді»

«Бөбек» МДХ-ның менгерушісі:

А.К.Шуиншалина



**«Бөбек» мектепке дейінгі ұйымының 2022-2023 жылғы қазақ тілі пәнінің
перспективалық жоспары**

Ортаңғы топ

Ай аттары	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тындауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және т.б.) айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздерді байланыстырып құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету.
Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор жемістердің, көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы берілген сөз тіркестерін түсінуге үйрету.
Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор жануарлардың және төрт түліктің атауларын айту, түсіну дағдыларын қалыптастыру.

	Тілдің грамматикалық құрылымы сөздерді байланыстырып құрастыруға (зат есім және сан есім) үйрету.
Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ү,ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы берілген сөз тіркестерін түсінуге үйрету.

Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор педагогтың өтінішімен қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал). Тілдің грамматикалық құрылымы сөздерді байланыстырып құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.
Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ң дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор заттардың түсін қазақша айта білуге дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздерді байланыстырып құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету.

Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор заттардың санын, көлемі бойынша белгілерін қазақша айта білуге дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздерді байланыстырып құрастыруға үйрету.
Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор қимылды білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы жай сөйлем құруға үйрету.
Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. Сөздік қор күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды дұрыс айтады. Тілдің грамматикалық құрылымы өзіне таныс сөздерден жай сөйлемдер құрастыра алады.